

Елеуов М.¹ Умытқан П.А.²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры, т.ғ.д.
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., E-mail: madiareleyov@mail.ru

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Археология, этнология және музеология кафедрасының 2 курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., E-mail: u.a.perizat@mail.ru

СЫРДАРИЯНЫҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Мақалада Сырдарияның төменгі ағысының ортағасырлық қалаларның зерттелу тарихы қарастырылады. Әр кезеңде жүргізілген зерттеу жұмыстары кеңінен қаралады. Соның ішіндегі алғашқы өлкетанушылық, кеңестік және тәуелсіздік кезеңінде жүргізілген археологиялық қазба және барлау жұмыстарының нәтижелері қаралады.

Кейінгі кезеңдегі бұл аймақта ашық аспан астындағы музейге айналдыру мақсатында Шірік-рабат Жанкент, Сортобе, Қышқала және Сығанақ қалалары жайлы мәліметтері беріледі.

Кілт сөздер: Арал маңы, Сырдария, Жанкент, Жетіасар.

Eleuov M.¹ Umytkan P.A.²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Professor of Archeology, Ethnology and Museology, Doctor of History
Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail mail: madiareleyov@mail.ru

²Kazakh National University. Al-Farabi, 2nd year undergraduate student of the Department of Archeology,
Ethnology and Museology,
Republic of Kazakhstan, Almaty, E-mail: u.a.perizat@mail.ru

HISTORY OF THE STUDY OF MEDIEVAL TOWNS IN THE LOWER REACHES OF THE SYR DARYA

Abstract

The article deals with the history of the study of medieval cities in the lower reaches of the Syr Darya. The research work carried out at each stage is widely considered. In particular, the results of archaeological excavations and research in the first local history, Soviet and independent periods will be considered.

In order to turn these settlements into an open-air museum in the future, information will be provided on the cities of Shirik-Rabat, Zhankent, Sortobe, Kyshkala and Syganak.

Key words: Priaralye, Syrdarya, Zhankent, Zhetasar.

Елеуов М.¹ Умытқан П.А.²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби. профессор археологии, этнологии и музеологии, д.и.н.
Республика Казахстан, г.Алматы, e-mail почта: madiareleyov@mail.ru

²Казахский национальный университет им. Аль-Фараби,
магистрант 2 курса кафедры археологии, этнологии и музеологии,
Республика Казахстан, г.Алматы, E-mail: u.a.perizat@mail.ru

ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ГОРОДОВ НИЗОВЬЯ СЫРДАРЬИ

Аннотация

В статье рассматривается история изучения средневековых городов нижнего течения Сырдарьи. Широко рассматриваются исследовательские работы, проводимые на каждом этапе. В частности, будут рассмотрены результаты археологических раскопок и исследований в краеведческие, советские и независимые периоды.

Для того, чтобы в будущем превратить этих городища в музей под открытым небом, будет представлена информация о городах Ширик-Рабат, Жанкент, Сортобе, Кышқала и Сыганак.

Ключевые слова: Приаралья, Сырдарья, Жанкент, Жетасар.

Арал маңының тарихы археологиялық деректер бойынша бес мыңжылдықты қамтиды. Ежелгі заманнан бастап осы аймақта өмір сүрген халықтар Батыс және Шығысты байланыстыра отырып, өзіндік шаруашылық пен мәдени типті қалыптастырды.

Бұл өңірден ежелден мекен еткен сақ, скиф, массагет, ғұн, оғыз, қыпшақ және т.б. көшпелі отырықшы түркі тайпаларының мекені болған, археологиялық ескерткіштер өте көп кездесіп отыр. Олар тас ғасырының әр кезеңіне жататын ескерткіштер – Арал 1-6, Ақеспе, Жалғыз-ағым, Қосмола 4,5, Сексеуіл I, II тұрақтары, қола дәуірінің ескерткіштері – Солтүстік Түгіскен обалы қорымдары, антика дәуірінің ескерткіштері – Шірік-рабат қала қорымы, Баланды II кесенесі, Жанкент, Сортобе, Шіркейлі Қос-асар қалашығы ортағасырлық қалалары және т.б. археологиялық ескерткіштер анықталып отыр.

Сыр өңірінде мекен еткен сақ, қаңлы, оғыз және қыпшақ тайпалары Қазақстан халқының этногенезінде ғана емес Орта Азия, Орталық Азия және Еуропаның қазіргі халықтарының қалыптасуында маңызды рөл атқарған. С.П.Толстов Арал өңірінің этникалық тарихының маңыздылығын «Аралдық этногенез түйіні» деген анықтама беру арқылы көрсетеді.

Сырдарияның төменгі ағысы көне заманнан бері жарқын өркениет ошағы болғандығын айқындайтын ескерткіштерге бай. Олар туралы алғашқы деректерді біздің заманымызға дейінгі I мыңжылдықтың орта кезеңінде өмір сүрген ежелгі Грек, Рим, Парсы елдерінің көрнекті тарихшылары мен жихангез географтарының еңбектерінен кездестіреміз. Орта ғасырлардағы Ұлы Жібек Жолымен сапар шеккен араб, парсы, Европа елдерінің ғалымдары мен саяхатшыларының, елшілері мен әскери мамандарының еңбектері толықтырады. Алайда, ғылыми археологиялық қазба жұмыстарын негізінен Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО ҒА Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы 1990-жылдарға дейін кең көлемде жүргізді.

Қызылорда облысы – Оңтүстік Қазақстан, Сырдарияның орта және төменгі ағысы, оған кіретін Қаратау қыраттарынан бастап Арал алқабының көп жерін алып жатыр.

Сырдарияның төменгі ағысы қалаларның алғашқы өлкетанушылық кезеңі келетін болсақ осы аймақта орын тепкен ортағасырлық қалалар мен қоныстары оның ішіндегі Жанкент қаласы, Асанас қаласы, Сырлытам қаласы, Шірік - Рабат қаласы, Жент қалаларына патшалық Ресей тарапынан осы аймақты барлау жүргізу үшін әр түрлі ғылыми экспедициялар жіберілді.

Осы зерттеулердің алғашқысы Жетіасар қалалары туралы ғалым саяхатшы этнограф А.И. Левшиннің 1832 жылы жарық көрген Орыс географиялық қоғамының хабарламасының бірінші бөлімінде Сырдарияның төменгі ағысындағы ескерткіштері жайлы оның ішіндегі Жанкент, Сырлы-там қала, Күйік там қалалары жайлы сипаттама береді. Жетіасар қаласы жайлы оның орналасқан аймағы Куандария арнасы жайлы деректі кездестіріп отырмыз. Жетіасар Жанкент қалалары деректер жазып қалдырады [1, с.20].

Сыр өңірінің археологиялық ескерткіштері мен табиғи-географиялық жағдайы туралы мәліметтер А.И. Макшеевтің 1856 ж. «Морской сборник» жинағында жарық көрген «Описание низовьев Сырдарьи» мақаласында жазылған. Ол Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан ескерткіштерді бірнеше түрлерге бөліп, олардың арақашықтығын есептеп, обалар мен қалаларды тізімге алады [2, 40; 3,69-71].

Бұл сипаттамада айтылып отырған ескерткіштер қазіргі Қызылорда облысының Жалағаш пен Қармақшы аудандар ортасында орналасқан Кіші Қара асар және Көктонды обалары болып табылады. Ол 1867 ж. «Санкт-Петербургские ведомости» және «Русский инвалид» газеттерінде жарияланған мақалаларында қала қирандылары жайлы сипаттамасын жазады [4,106;5,66-80]. Олардың ішіндегі Райым бекінісі,(қазіргі Арал ауданы аумағында), Хожанияз бекінісі, Қамыс Қорған бекінісі, (қазіргі Жалағаш ауданы аумағында) Ақмешіт бекінісі (қазіргі Қызылорда қаласы) жайлы мәлімет беріп олардың жоспарын қағазға түсіреді және аймақта отырған халықтың этнографиясы, тарихы жайлы біраз еңбек қалдырды. Осы жазылған естеліктері кейінен 1896 жылы «Путешествия в Киргизская степямь Туркестанскому краю » еңбегі және бірнеше мақаласы жарыққа шықты [6, 65-74].

Жетіасар қалалары жайлы деректі, аңыздарды жинастырған алғаш 1865 ж. басылып шыққан «Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба» жинағында Бас Штаб подполковнигі Л.Мейердің «Киргизская степь Оренбургского ведомства» атты мақаласында осы өңірлердің қала қирандыларына байланысты VIII-бөлімінде « Развалины в степи соединения с преданами жителей ». Бұл мақаласында Жанкент қаласы мен Бегім ана ескерткіштеріне тоқталып, басқа ескерткіштерді үш топқа, кезеңдерін бөліп қарастырады. Сырдарияның төменгі ағысындағы Жаңадария мен Куандария арналарының бойында орын тепкен қала қирандыларына сипаттама береді[7, 420].

Осы аймақта орналасқан Жетіасар қалаларынан бөлек, Жанкент қалашығын алғаш болып қазба жұмыстарын жүргізген П.И.Лерх болды. 1858 жылдың маусым айында археологиялық комиссияның тапсырысы бойынша П.И.Лерх Жанкент қаласына зерттеу жүргізіп, қаланың жоспарын түсіреді. Орыс Императорлық археология Қоғамының мүшесі П.Лерхтің осы зерттеулер аясында «Археологические поездки в Туркестанский край в 1867 году» атты кітабы жарық көрді [8].

Сырдың төменгі ағысын тарихи-географиялық зерттеудің ең бір үлкен төңкерістік уақыт Орта Азиядағы алғашқы ғылыми қоғам – 1895 жылы құрылған Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің қызметімен тікелей байланысты болды. Үйірме жиырма жылдан аса (1895-1917 жж.) Орта Азия мен Қазақстанның археологиялық және материалдық мәдениетін зерттеумен айналысқан, сол кезеңдегі гуманитарлық ғылымдар саласындағы мамандандырылған жалғыз ғылыми-өлкетанушылық қоғамдық ұйым еді. В.В. Бартольд, А.Симонов, В.В. Радлов, В.Смирнов, В.А. Каллаур, А.Кастанье сынды көптеген білікті ғалымдар мен шығыстанушылар есімдері Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің жұмысымен тығыз байланысты.

Түркістан археология әуесқойлар үйірмесінің келесі бір мүшесі Каллаур В.А. 1898-1899 жылдары Перовск уезіндегі (қазіргі Қызылорда облысы) Сығанақ, Асанас, Жент қалаларына барлау жұмыстарын жүргізіп, мәліметтер жинақтап, 1900 жылы Туркестанские ведомости газетінде өзінің мақалаларын жариялады. Мақаласында Сырдарияның төменгі ағысындағы орналасқан қалаларды 1219 жылы Шыңғысхан жорықтарынан кейін өмір сүруін тоқтатқан деп тұжырым жасайды [9,195-204].

1911 ж. Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің мүшесі А.Кастаньенің Сыр бойындағы археологиялық ескерткіштеріне жасаған сипаттамасы оның «Древности киргизских степей и Оренбургского края» деген еңбегінде берілген [10,295-341]. Осы еңбегінің қайта басападан 2007 жылы шыққанында «Перовский уезд» бөлмінде Шірік-Рабат қала қорымы, Орынбай қала, Сырлығтам кесенесі мен қаласы, Сараман қоса, Бегім ана мұнаралары, Күйік қала қаласы, Жанкент қаласы, Жент қаласы, Асанас қаласында болады [11, 295-341;12].

Келесі деректер кешені Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы тарапынан жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінде жинақталды.

XX ғасырдың 30-90 жылдары Сыр өңірін зерттеуде, әсіресе Сырдарияның төменгі ағысында зерттеу жұмыстарын жүргізген Хорезм археологиялық экспедициясының орны ерекше. 1935 жылы КСРО ҒА Кеңес одағының шет аймақтарын мекендеуші бұратана халықтар мен тайпалардың тарихы мен мәдениетін зерттеу туралы қаулы қабылдап, Орта Азия мен Қазақстан жеріне бірнеше кешенді экспедициялар аттандырады [14,23]. Сол кездің өзінде экспедиция жайлы қызу талқыға түсіп археолог ғалымдардың қызығы Орта Азияның оның ішінде Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменістан территориясында орналасқан мұсылмандық дәуірге дейінгі бұл территорияларда өмір сүрген тайпалардың діни-наным сенімі, салт-дәстүрлері және құнды археологиялық ескерткіштері зерттеу мәселесі тұрды. 30-жылдардың ортасына қарай осы территорияларға кең көлемді экспедициялар аттандырылды[15].

Алғаш ХАЭЭ-сы жетекші көрнекті ғалым С.П. Толстовтың жетекшілігімен 1937 жылы өз жұмысын бастады. Қазіргі Өзбекстанның Республикасының территориясы Әмударияның төменгі ағысын зерттеуден басталды. Хорезм экспедициясының Ұлы Отан соғысы басталам дегенше дейін жұмыс ауқымы, өте үлкен төрт далалық қазба жұмыстары жүргізіліп . 1000 км-ді шөлдің кемелері түйелермен артқа тастап, Әмударияның оң жақ сол жақ жағалауларынан көптеген археологиялық ескерткіштері ашылған. Ашылған ескерткіштердің топографиялық жұмыстары жасалып, қазба жұмыстары жасалынды. Осы экспедициясының ауқымды жұмысы (1937-1940 ж) аралығы болса, бұл аралықтағы экспедициясының Ресей ғылым акедемиясы Н.Н. Миклухо Маклай атындағы этнология және антропология институтының Еуразия археология бөлімінің мұрағаттарында сақтаулы тұр[16]. Хорезм экспедициясының жұмысына 1941-1945 жылы Ұлы Отан соғысының басталуына орай экспедиция өз жұмысын уақытша тоқтата тұрды. Хорезм экспедициясы бес жылдық үзілістен кейін Ұлы отан соғысы аяқталғанан кейін 1946 жылы жаңа қарқын алды. Экспедиция ұшақпен,көптеген автәкілетрмен толықты. 1946 жылдан басталған, бұл кешенді экспедиция болғандықтан құрамында: археологтар, этнографтар, топографтар, геологтар, топырақтанушылар, гидрологтар сынды түрлі ғылым салаларының мамандарын біріктірген аса ірі бұл экспедиция ауқымды зерттеу жұмыстарын бастаған еді [17].

Хорезм экспедициясының ауқымды жұмысы осы тұста басталды деп айтуға болады. С.П. Толстов жетекшілік еткен бұл экспедиция Орта Азиядағы ауқымды экспедиция, техникалық жағынан бәрі қамтылған, Нукус қаласында(қазіргі Қарақалпақстанның астанасы) экспедиция жиналатын тұрақтайтын орын болған. Осы экспедицияның мүшелерін техникаларды алу жіберу осы жерден Мәскеу қаласына жөнелтіліп отырған. Осы екінші кезеңде Хорезм археологиялық экспедициясының бірнеше ғалымдар қалыптасып шықты. Солардың ішіндегі белгілі археологтар: М.И. Итина, Е.Е. Неразик, Б.И.Вайнберг,Л.М.,Левина, А.В. Виноградов, Ю.А. Рапопорт,О.А. Вишневская, М.Г. Воробьева, Н.Н. Вактурская және т.б ғалымдарды тәрбилеген үлкен мектеп болды. С.П. Толстовтың арласумен 1948 жылы Сырдарияның төменгі ағысындағы зерттеулер жүргізілді. Бұл зерттеу әуебарлау болатын үлкен осының нәтижесінде Сырдарияның ежелгі арналары – Инкәрдария және Жаңадария бойындағы Шірік-рабат мәдениетінің ескерткіштері (Шірік-рабат, Бұланды, Бәбіш-мола қала жұрттары) сонымен қоса сақ тайпаларының қоныстары, обалары («шлакты» обалар), ортағасырлық (Бестам қала, Жент, Құм қала) қалалар және кейінгі орта ғасырлық ескерткіштеріне (қазақ мазарлары XVIII-XIX ғ.ғ. және қарақалпақтардың елді мекендері) жүргізілді[18;19].

Сырдарияның арналары Қуандария мен Ескідариялыққа қарай жүріп, Жетіасар кешенінің қалаларын ашты. Жетіасар мәдениеті – Сырдарияның төменгі ағысындағы, оның ескі арналары Қуандария мен Ескідариялықтың бойында орналасқан көне ескерткіштер тобының жиынтық атауы (б.з.д. I-мыңжылдықтың соңы – б.з. IX ғ. басы). Бұл ескерткіштердің өзіндік ортақ ұқсастығына қарай бір мәдениетке топтастырып, олардың негізгі бөлігі шоғырланған Жетіасар шатқалының атыменен Жетіасар мәдениеті деп атаған. XX ғасырдың 60-жылдары ХАЭЭ-сының жетекшісі С.П.Толстов қайтыс болумен экспедиция бұрынғыдай қатты қарқын болмады қаржыландыруда тоқтатылады. Бірақ сол кездері жүріп жатқан «Сібір жобасы» қазба жұмыстарына көп көмек болды (1986 жылы бұл жоба тоқталды) [20,15-20].

Бұл жобаның мақсаты Сібір суының арнасын Арал теңізіне қарай бұру еді, бірақ жобаның экологиялық салдарын ескере отырып талас тартыстан кейін жұмыс тоқтатылды.

ХАЭЭ-сының көп жылғы жұмыстарының нәтижесінде, көптеген қоныстар тұрақтар орны, антикалық қалашықтар, орта ғасырлық қалашықтар кешені ашылды. Осы экспедициядан тәрбиленген үлкен ғалым профессорлардың еңбектері жарық көрді. Бұл экспедицияның тағдыры Орта Азиядағы Аралға құйтын екі ірі өзенің Әмудария мен Сырдарияның жағалауларын зерттеуде үлкен рөл атқарды. Экспедицияның зерттеулернің

нәтижесінде, қалдырған көп мұрағат қалыптасты, көптеген суреттер еңбектер естеліктер жарық көріп жатыр[21;22,30].

Сырдарияның төменгі ағысының кеңестік кезеңде жүргізілген зерттеу барысында бұл аймақтан әр кезеңде өмір сүрген ортағасырлық қалалар табиғи-экологиялық ахуалдың өзгеріске ұшырауы саяси-этникалық жағдайлар бұл ауданды мекен еткен тұрғындарының көшіп-қонуын, яғни аймақтың тарихи сипатының түбегейлі өзгеруіне әкелді. Ортағасырларда Сырдарияның арналарының қайта суланған Іңкәрдария мен Жаңадария арнасына су қайтадан аға бастады. Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалаларды географиялық орналасу ерекшелігіне байланысты үш топқа бөліп қарастыруға болады: Қуандариялық («батпақты қалалар»), Іңкәрдариялық және Жаңадарияның бойындағы ортағасырлық қалалар деп қарастыруға болады

«Батпақты қалалар». Бұл терминді ХАЭЭ-сының жетекшісі С.П. Толстов енгізген бұл қалашықты мекен еткен халықтар ІХ-Х ғғ Қуандария сағасының жағалауында Жанкент, Күйік қала, Кескен Күйік қала сынды үлкен қалаларда өмір сүрген қалаларды жатқызған.

Сырдарияның төменгі ағысындағы Іңкәрдария бойындағы оғыз кезеңіне жататын ортағасырлық қалалар 1959, 1960-1961, 1968 жж. ХАЭЭ зерттеулері негізінде ашылды. Бұл қалалардың пайда болуына Х-ХІ ғғ. Оғыз мемлекетіндегі саяси жағдайлардың шиеленісуі және осы уақытта Іңкәрдарияның бассейніндегі ірі қоныстар: Асанас, Сырлығтам қала, Заңғар қала, Сайқұдық қала және Қақ қалашығы жатқызылған.

Жаңадария бойындағы орта ғасырлық қалашықтар ХІV-ХV ғғ мерзімделеді. Олардың қатарында Женд, Бештам қала, Қожақазған, Құм қала сияқты қалалар белгілі болып отыр[22].

Еліміз егеменді алғанан кейінгі зерттеу жұмыстары 1998 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің тікелей бастамасымен барлау экспедициясымен байланысты болды. Осы барлау экспедициясының құрамында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Ж. Құрманқұлов және халықаралық «Тұран» ғылыми орталығы ұйымдастырған экспедиция (жетекшілері А.Н. Алматов, Ж.Құрманқұлов) болды. Облыс территориясының оңтүстігіндегі Сырдың көне арналары Іңкәрдария, Жаңадариядан бастап терістігіндегі қазіргі Сырдың аралығында барлау жасап, көптеген қалалар мен елді-мекендерді тауып зерттеді, ұзақ жылдарға арналған ғылыми зерттеулердің бағдарламасын жасады [23]

Бір айта кететін жайт Қорқыт Ата университетінде Сыр өңірінің тарихын зерттеуге үлес қосқан профессорлар М.Қ. Кереев, А.Х. Айдосов, және Ә.Жақыпұлы сияқты ағаларымызды айта кеткен жөн[24].

2001 жылы Арал теңізінен табанынан табылған кердері мавзолейіне, Арал Асар елді мекендеріне археолог Т.Мәмиевтің жетекшілігімен жасақталған кешенді зерттеу жүргізілді. Бұл кісінің 2005 жылы «Сырдың төменгі ағысы бойында ортағасырлық қалалар» атты кандидаттық диссертациясын қорғалып, өңірдегі бірнеше ортағасырлық қалаларда шағын қазба жұмыстарын жүргізеді. Соның ішіндегі Асанас, Қышқала, Сығанақ қалаларына қазба жұмыстарына Қорқыт Ата Қызылорда университетінің оқытушылар мен студенттері атсалысады [25].

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тікелей бастамасымен мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2004 жылы құрылған Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Шірік-рабат археологиялық экспедициясының (басшысы Ж.Құрманқұлов) жеке барлау отряды (отряд жетекшісі Тәжекеев Ә.) 2006-2007 жылдары сыр өңірінде орналасқан ескерткіштерге барлау жұмыстары жүргізілген. Бұл археологиялық барлаулар Сырдарияның төменгі ағысындағы археологиялық ескерткіштерге жүргізілді. Қызылорда облысында орналасқан қалашықтар мен архитектуралық ескерткіштері есепке алынды. Нәтижесінде бұл кітап болып басылып 2007 жылы орыс тілінде, 2011 жылы қазақ тілінде «Қызылорда облысының ескерткіштер жинағы» деген атпен шығарылды[26].

2004 жылы Қызылорда қаласында «Арал аймағының археологиялық зерттелуі, жетістіктері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми конференциясы болып өткен. Осы әрі тағы келелі іс Арал маңының ежелгі және ортағасырлық тарихын кешенді зерттеу мақсатында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті мен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты және РФА Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институты Германияның Тюбнген университеті қазіргі таңға дейін Жанкент шаһарында кешенді зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр[27].

Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан ескерткіштерді зерттеу әрі қарай ғылыми айналымға енгізу мақсатында университет жанынан 2011 жылдың қазан айында ашылған «Археология және этнография» ғылыми зерттеу орталығы ашылды. Ғылыми-зерттеу орталығының құрылымында археологиялық заттарды сипаттап, өңдеп, қалпына келтіретін зертханасы және жәдігерлерді қоятын оқу көрме залы бар. Бұл ғылыми-зерттеу орталығының мақсаты, Қызылорда облысында орналасқан антикалық және орта ғасырларды зерттеу, қорғау, археология және этнография салалары бойынша зерттеулер жүргізу және тарихи құндылықтарды Қазақстан халқына насихаттау отансүйгіштік тәрбиелеу болып табылады.

2011-2014 жылдарға арналған ғылыми техникалық жобаларға жарияланған конкурсының нәтижесі бойынша «Сырдарияның төменгі ағысы қалаларының ортағасырлық кезеңдегі этномәдени байланыстардағы ролі (Жанкент қала жұрты)» және «Оңтүстік-шығыс Арал маңын мекендеген ежелгі тайпалардың дүниетанымы мен идеологиясы және наным-сенімдері мен ғұрыптары» атты тақырыбында «Археология және этнография» ғылыми зерттеу орталығы кешенді зерттеулерін жүзеге асырылды[28;29].

Осы жерде Сырдарияның төменгі ағысын зертеуде, үлкен үлестерін қосып жүрген Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты ғылыми қызметкері көрнекті ғалым тарих ғылымдарының кандидаты Ж.Құрманқұлов және Ресей ғылым академиясы Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институтының

Еуразия археологиясының жетекшісі тарих ғылымдарының кандидаты И.А. Аржанцева, осы кісілердің қатысуымен археология қарыштап дамып келеді.

Алғашқы ғылыми еңбектері 2013 жылы университетімізде «Құм басқан өркениеттер» деген атпен кітап-альбом жарық көрді. Бұл еңбекте біздің өңіріміздің зерттелуіне, тарихына үлкен үлес қосқан Хорезм археологиялық экспедициясының естеліктері және кейінгі тәуелсіздік алған жылдардағы археологиялық зерттеулер деген екі бөлімнен тұрады[27].

2014 жылдан Қызылорда облысы әкімі Қ.Көшербаевтың қолдауымен облыс аумағында Шірік-Рабат қала қорымы (жетекшісі Ж.Құрманқұлов), Жанкент (жетекшісі Ә.Тәжекеев), Сортөбе (жетекшісі Ә.Ә.Тәжікеев), Сығанақ және 2018 жылдан Қышқала (Баршынкент), (Археолог халықаралық ғылыми зерттеу орталығы жетекшісі М.Елеуов), 2020 жылдан бастап Асанас (жетекшісі Ә.Ә.Тәжікеев) ортағасырлық қалаларында тұрақты қазба жұмыстары жүргізіліп келе жатыр және олардың нәтижелері әр түрлі ғылыми конференцияларда жарияланып келе жатыр.

2018 жылы Қызылорда облысы әкімдігі қолдауымен «История исследований Хорезмской экспедиции на землях Сыра» атты еңбек шығарылды. Кітап-альбом КСРО ҒА Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының 1946-1990 жылдары Сырдарияның төменгі ағысында жүргізілген зерттеулерінің архив материалдары, фотосуреттері, сызбалары далалық күнделіктерінің көшірмелері, ғылыми есептері жәдігерлердің суреттері жарыққа шықты. Бұл жинақтың айта кететіндігі І бөлімі Сырдарияның төменгі ағысы Жетасар қалаларында жүргізілген зерттеулердің нәтижелері берілген[30].

Қазіргі таңдағы Бәбіш-мола, Жанкент, Сортөбе, Асанас, Қышқала және Сығанақ қалаларында жүргізіліп жатқан археологиялық зерттеу жұмыстары болашақта ашық аспан астындағы музей дайындау мақсатында жүргізіліп жатыр.

Сырдариядағы бойындағы қалалар Еуразияның Ұлы далалық белдеулерін жайлаған бақташылар мен шұратты жер өңдеушілер арасындағы үнемі байланыс аймағы ретіндегі, көпші қон және сауда жолдарының өзіндік қиылысы ретіндегі маңыздылығын дәлелдей түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат. – 1996. – 656 с.
2. Макиев А.И. Описание низовьев Сырдарьи // Морской сборник. – Т. XXIII. – 1856. – № 9. – С.102-114.
3. Макиев А.И. Географическое сведения книги большого чертежа о киргизских степях и Туркестанского края. – СПб., 1878. – 256 с.
4. Макиев А.И. Путешествие по Киргизским степям и Туркестанского краю. – СПб., 1896.
5. Макиев А.И. Остатки старинного города на Сырдарье // Санкт-Петербургские ведомости. – 1867. – № 60. С.66-80
6. Макиев А.И. Еще несколько слов о развалинах Джаныкента // Русский инвалид. – 1867. – № 87. С.65-74
7. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства // Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. – СПб., 1865. – 420 с.
8. Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. – СПб., 1870. – 39 с.
9. Каллаур В.А. О следах древнего города «Джент» в низовьях Сырдарьи // ПТКЛА. – 1900. – Приложение №5. С.10-15
10. Бахтыбаев М.М. Историческая топография Перевского уезда в трудах В.А. Калаура // Историко-музеевидения. – Түркістан, 2013. – С.195-204
11. Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. – Алматы: Дайк Пресс, 2007. – 341 с.
12. Каллаур В.А. Древние города Саганак (Сунак), Аинас или Эинас (Асанас) и другие в Перовском уезде разрушение Чингиз-ханом в 1219 г. // ПТКЛА. – V. – Ташкент, 1900.
13. Протоколы заседаний и собраний членов Туркестанского кружка любителей археологии // Историко-культурные памятники археологии Казахстана. / Авторы предисловье и составители Елеуов М., Бахтыбаев М. – Түркістан, 2011. – 447 с.
14. Толстов С.П. По следам древнехорезмской цивилизации. – М.: Соцэкгиз, 1948. – 212 с.
15. Итина М.А., Левина Л.М., Неразник Е.Е., Рапопорт Ю.А. К 60-летию Хорезмской экспедиции // ЭО. – 1999. – №6. – С.19-33.
16. Аржанцева И.А. Имперская Археология и Археологические империи: Советская Хорезмская Археологическая экспедиция // ЭО. – 2013. – № 6. – С.65-87.
17. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М.: АН СССР, 1962. – 242 с.
18. Толстов С.П. Города гузов // Сов. Этнография. – 1947. – № 3. – С.35-42.
19. Итина М.А., Яблонский Л.Т. Мавзолей Северного Тагискена поздний бронзовый век Нижней Сырдарьи. – М.: РАН, 2001. – 295 с.
20. Левина Л.М. Этнокультурная история восточного Приаралья I тыс. до н.э – I тыс. н.э. – М., 1996. – 438 с.
21. Левина Л.М. Взаимодействие скотоводческо-земледельческих племен Восточного Приаралья на Великом Шелковом пути // Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути. – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – С. 48-55.

22. Құрманқұлов Ж., Аржанцева И.А., Тәжекеев Ә.Ә. Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы оғыз қалалары: Жетіасар мәдениетімен байланысы // Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – 2011. – № 2 (32). – 85-92 бб.
23. Құрманқұлов Ж. Аңыз бен Археология // Жырау журналы Алматы 2004.
24. Мәмиев Т. Ертедегі Жетім асар қаласы // Қызылорда педогогикалық институтының археологиялық экспедициясының есебі. – Қызылорда 1992. – 82-88 бб.
25. Мәми Т. Кейінгі орта ғасырдағы Арал өңірінің қалалары (XIII–XVIII ғғ.). Монография. – Қызылорда, 2007. – 252 б.
26. Қызылорда облысы // Қазақстан Республикасы Қызылорда облысының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағы. – Алматы, 2011.
27. Бисенов Қ.А. Сыр өңірі өркениеттер ордасы // Құм басқан өркениеттер: кітап альбом / Құраст. Қ.А. Бисенов., И.А. Аржанцева., Н.Ю., Вишневская., А.А. Тәжекеев. – Алматы: Арыс, 2014. – 176-177 бб.
28. Комплексные исследования городища Джанкент, работы 2011-2014 гг. Монография. – Алматы: Арыс, 2014. – 320 с.
29. Елеуов М., Құрманқұлов Ж. Сортөбе Жанкент және Жент. – Түркістан: Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ Тұран, 2008. – 93 б.
30. История исследований Хорезмской экспедиции на землях Сыра / Авторский коллектив Аржанцева И.А., Болелов С.Б., Тәжекеев А.А. Москва: Издательство ОЛЕАБУК, 2018. 312 с.